



ХҒТАР 19.41
УДК 070.15

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2024-149-4-79-95>

Қазақстандағы іскерлік журналистиканың қалыптасу тарихы

К. Рахмет*, Қ.Ө. Сақ, Р.А. Шакуова

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: *rkulaykhan@mail.ru, kaisak1964@yandex.kz, r_shakuova@mail.ru)

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстандағы іскерлік журналистиканың қалыптасу тарихы, іскерлік тақырыпқа арналған мақалалардың алғашқы қазақ басылымдарында жариялана бастауы, сол кездегі сауда-саттық, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығының дамуына байланысты жазылған материалдарға жан-жақты талдау жасалады. «Дала уалаятының газеті», «Қазақ», «Ақжол» газеті мен «Шолпан» журналында жарық көрген мақалалар зерделенген. XIX-XX ғасыр басында көрші Ресей елінде іскерлік баспасөз ілгерілеп, сол кездің өзінде «Финансовый обзор», «Жизнь и экономика», «Экономический журнал», «Биржевая газета», «Российский экономический обзор» басылымдары үзбей шығып тұрған. Қазақ жерінде мұндай салалық басылымдар болған жоқ. Бірақ сол кезде шыққан газет-журналдарда экономика, қаржылық, іскерлік, сауда-саттық тақырыптарына арналған материалдар көптеп жарияланып отырғаны туралы ғылыми мақалада мол ақпарат беріледі. Зерттеу барысында арнайы экономикалық, іскерлік басылымдар пайда болғанға дейін экономикалық, іскерлік мазмұндағы қоғамдық, саяси, әлеуметтік жағдай туралы газет-журналдарда көптеген ақпараттарды жарияланып отырғаны нақты мысалдар негізінде дәлелденеді. Өткен ғасырда Ресей империясы біздің қазақ жеріне жаңа саяси, экономикалық және мәдени тенденциялар әкелді, бұл өз кезегінде журналистиканың дамуына әсер етті. Газет-журналдар Қазақстандағы экономикалық, саяси оқиғаларды, өнеркәсіп пен сауданы дамыту мәселелерін қамтып қана қоймай бұқараның қаржылық сауатын ашуға ықпал еткені, Қазақстанда іскерлік журналистиканың дамуы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында басталғаны мәтіндік материалдар негізінде дәлелденеді.

Түйін сөздер: Іскерлік, биржа, экономика, кәсіпкерлік, өнеркәсіп, журналистика, газет-журнал, электронды медиа.

Кіріспе

Қазақ жерінде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басында экономика, мәдениет, сауданың дамуы туралы материалдардан, әртүрлі мазмұндағы алғашқы басылымдардың жарыққа шығуына байланысты экономиканың әртүрлі саласы туралы материалдарды жариялап, жаңа тауар мен сауда-саттықтағы жаңалықтарды насихаттау мақсатында көптеген мақалалар жазылды. Бұл газеттердің кейбір бөлімдері іскерлік саланың жаршысы сияқты көрінеді.

XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басында көрші елдердегі өнеркәсіп дамуына байланысты қазақ даласындағы мерзімді басылымдардың дамуы әртүрлі басылымдардың пайда болу, дамуы үрдісі бұқара мүддесіне қызмет ететін іскерлік тақырыптағы материалдардың көптеп жариялануына негіз болды. Әмбебап газет-журналдардың беттерінде іскерлік тақырып кеңінен орын алып, сол кездегі сауда, ақша айналымы, саудагерлердің қызметі туралы мақалалардың шығуына әсер етті.

Мақаланың мақсаты – Қазақстандағы іскерлік журналистиканың қалыптасу тарихын зерттеу, оның алғашқы қадамдары мен дамуының негізгі кезеңдерін анықтау. Сонымен қатар, сол уақыттағы газет-журналдарда жарияланған сауда, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы тақырыптарына арналған мақалаларды талдау арқылы іскерлік журналистиканың бұқаралық ақпарат құралдарындағы рөлін көрсету.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында Қазақстандағы іскерлік тақырыпқа арналған мақалалар алғашқы қазақ басылымдарында жарияланғаны нақты материалдар негізінде талданады. Сол кездегі сауда-саттық пен өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының дамуына байланысты мақалалар «Далауалаятының газеті», «Қазақ», «Ақжол» газеті мен «Шолпан» журналында басылған. Сол мақалаларға талдау жасап, тақырыптық, құрылымдық қерекшеліктерін сараптау әдісімен, салыстыру, бақылау әдістерін қолдану арқылы зерттеу жүргіздік. XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басындағы Қазақстандағы іскерлік журналистиканың дамуы қерекшелігі мен функциясын, журналистиканы зерттеуші ғалымдарының іскерлік массмедиа туралы пікірлеріне жүгіне отырып салғастырмалы талдау жасалып, іскерлік ақпаратты таратудағы алғашқы қазақ басылымдарының тақырыптары мен мазмұны айқындалды.

Іскерлік журналистиканың даму тарихын зерттеу барысында ең алғашқы басылымдарда шыққан мақалаларды талдау, сараптау, гипотезалар ұсыну арқылы мәселенің шешімін анықтауға талпыныс жасалды. Іскерлік журналистиканы зерттеген ғалымдардың теориялық тұжырымдарына шолу жасалып, салыстырмалы талдау, логикалық, статистикалық әдістермен қатар, синхронды сыртқы салыстыру әдістері пайдаланылды.

Талқылау

Іскерлік журналистиканың тарихы тереңде жатыр. Америка ғалымы Д.Форсит іскерлік журналистика тарихы ертеден басталатынын, оның белгілерін Ежелгі Вавилон, Египет дәуіріне сілтеме жасап, іскерлік журналистиканың тарихын сипаттайды. «Іскерлік журналистика бастаулары адамның қажеттіліктері пайда болғанынан бастау алған, қажеттіктер тарихына шолу жасау арқылы коммуникация да күрделіленгенін тілге тиек етеді» [1,78-б]. Бұдан шығатын қорытынды іскерлік хат алмасулардан басталған үдеріс қазіргі іскерлік басылымдардың ізашары болды десек қателеспейміз. Орыс іскерлік журналистикасын зерттеген ғалымдар Г.С.Мельник, С.М. Виноградова: «ХҮІ ғасырда белсенді іскерлік қатынастар пайда болып, ықпалды саудагерлер мен кәсіркерлердің арқасында орыс жерінде экономикалық ақпарат тарататын басылымдар пайда болды. Бұл газеттер тек іскерлік салада ақпарат берумен шектелген, деректерді талдау, сараптама жасау мүлде болмаған» [2,45-б],-деп сипаттайды.

Еуропа елдеріндегі іскерлік журналистика өз бастауын ХҮІ ғасырда алып, сол кездері бизнеске қатысты ақпарат алмасудың алғашқы пішіндері пайда болғаны туралы ғалым В.Н. Тищенко: «Тұтастай Ұлыбританиядағы іскерлік басылымдар ХҮІІІ ғасырда өркендеп, қарқынды дамыды. Лондонда шыққан «Таймс» газетінің сол кездің өзінде «Ақша» деген айдары болды. Бірте-бірте экономикаға арналған салалық басылымдар саны көбейіп немесе қолданыстағы газеттерге экономика тақырыбындағы қосымшалар басылып шыға бастағанын» [3,75-б],-ұсынады.

«Қазақстанның журналистика ғылымының дамуы Ресей экономикалық және ақпарат кеңістігінің әсері негізінде қалыптасуы теориялық, тәжірибелік жағынан байланыс әлі жалғасын табуда» [4,6-б],- деп сипаттайды ғалым Ш.И.Нургожина.

Қазақ жерінде ХІХ ғасырда экономика, мәдениет, сауданың дамуы туралы материалдардан, әртүрлі мазмұндағы алғашқы басылымдардың жарыққа шығуына байланысты экономиканың әртүрлі саласы туралы материалды жариялап, жаңа тауар мен саудасаттықтағы жаңалықтарды насихаттау мақсатында көптеген мақалалар жазылды. Бұл газеттердің кейбір бөлімдері іскерлік саланың жаршысы сияқты көрінеді.

ХІХ ғасыр аяғы мен ХХ ғасыр басында көрші елдердегі өнеркәсіп дамуына байланысты қазақдаласындағы мерзімді басылымдардың дамуы әртүрлі басылымдардың пайда болу, дамуы үрдісібұқара мүддесіне қызмет ететін іскерлік тақырыптағы материалдардың көптеп шығуына негіз болды. Әмбебап газет-журналдардың беттерінде іскерлік тақырып кеңінен орын алып, сол кездегі сауда, ақша айналымы, саудагерлердің қызметі туралы мақалалардың шығуына әсер етті.

Қазақстандағы іскерлік тақырыпқа арналған мақалалар бастапқы кезеңде алғашқы қазақ басылымдарында жариялана бастады. Сол кездегі сауда-саттық пен өнеркәсіптің ауыл шаруашылығының дамуына байланысты ондаған мақалалар «Дала уалаятының газеті», «Қазақ», «Ақжол» газеті мен «Шолпан» журналында басылған.

Арнайы экономикалық, іскерлік басылымдар пайда болғанға дейін экономикалық, іскерлік мазмұндағы қоғамдық, саяси, әлеуметтік жағдай туралы газет-журналдарда көптеген ақпараттарды жариялап отырған.

«Дала уалаятының газетінде» жарияланған «Рақымның бай болғаны» атты қысқаша әңгіме жарияланған. Бұл 1894 жылғы №37, №38 сандарында жарияланған халық арасына кеңінен тараған күлдіргі әңгіме деп сипат береді. Ертеде үш сарт болғаны, олардың әпиін тартып, боза ішкеннен басқа шаруасы болмайды. Күндердің бір күнінде ақшалары бітіп не істерлерін білмей отырғанда жандарынан бір қатын үлкен шелекпен қатық көтеріп өтіп бара жатып, осы қатықты жеткізіп берсе 25 тиынақша беретінін айтады. Рахым ұялмастан сол қатықты діттеген жеріне жеткізіп ақшасын алады. Сол жерден Рахым «Бұлар қымбат бағалы әртүрлі пұлдары жайнап тұрған ләпкенің алдынан өтті. Рахым ләпке менен пұлдарды көріп, өзіне-өзі айтты. «Адамдар қалайша ләпке тұрғызып, мұнша пұлдарды қайдан табады екен? Не қылса да осылардың сандығы толған ақша шығар. Мен де һәм сауда қылсам жаман болмас еді. Енді ақшаны қайдан тауып аламын» [5, 34-35-б]». Жолда келе жатып Нұрғали деген жолдасына жолығып, 25 тиынмен сауда бастауға бола ма деп сұрайды. Өзің ақылды болсаң ол ақшаны көбейтуге, сауда жасауға болатынын айтады. Алғашында 25 тиынға әпиін мен боза сатып алуды ойлаған Рахым райынан қайтап, «...бірнеше қадақ өрік сатып алып, қырдағы қазақтарға алып барып сатамын. Өрікті сатқаннан кейін бір бұт жүн аламын. Бір бұт жүнді 25 теңгеге сатамын. 25 теңгеге әртүрлі бақал бұйымды сатып аламын. Бұларды тері-терсек, өлі малға сатамын, пұлдарды 125 теңгеге сатамын. Бұл ақшаны әртүрлі пұл сатып алып сауда қыламын, һәм бір өтпестен-ақ атақты бай боламын» [5, 35-б]», – деп армандаған Рахым өз мақсатына жете алмаған. Бұл әңгіме бойында жай ғана қиял болғанымен, елді ойландыруға бағытталған, еңбек етсең, сауданың көзін тапсаң, ақылмен әрбір әрекетті ойланып әрекет жасасаң бай бола аласың деген тәмсіл жатыр.

«Дала уалаятының газетінде» жарнамаға көп орын берілген. XIX ғасыр аяғындағы басылымдарда жарнаманың пайда болуы бұқараның сол кездегі сауда, нарықтық қатынасы аз да болса экономика дамуының қарқыны әсер етті. Халық арасында жаңа қажеттіктер пайда болып, басылымдарда жарнаманың көлемді, шағын түрлері өмірге келді. Бұл жарнама түрлері негізгі әлеуметтік топтарға, кәсіби мамандарға бағытталған түрлерге бөлінді. Сол кездегі жаңа экономикалық қатынастар, сауданың дамуы басылымдарда жарнама түрлерінің көбеюіне түрткі болды. Дәл осы тұстан бастап іскерлік тақырыпқа арналған материалдар жүйесі қалыптаса бастады, оның маңызды бөлігі газеттерде жарияланып отырды.

Көбіне «Дала уалаятының газетінің» 1894 жылғы 40 санында «Бір жаңа кітап турасынан» деген жарнама материал авторы Неклюдовтың орыс-татар сөздігін сынаған. Осы кітаптың жарнамасын жазған автор ретінде жазушы Асылқожа Құрманбаев деп қол қойылған. Автор көп сын айта келе: «Көлемі кішкене, бағасы 50 тиын. Жоғарыда жазылған сөздерді Неклюдовтың шығарған переуатының қандай екенін баян қылар. Бұл себептен бұл байқап жазылған сөздерді тамам қылып, біз бағы да жазамыз – сөздерін дұрыстап переуат қылатұғын переуатчиктерге жол, өнеге көрсетпек түгіл, бұл кітап һәм өзге ешбір адамға да жарамды емес» [5, 41-б]», – деп аяқтайды.

«Стамбулдағы Айя-София мешіті» атты 1895 жылғы 34 санында автор В.Ивановтың жарнамалық мақаласы жарияланған. Жарнама көлемді және мешіттің салыну тарихы, архитектуралық ерекшеліктері туралы көптеген деректер берілген. Жер жүзіндегі ең

үлкен мешіт екенінен бастап, басында нәсрәни дініндегі грек патшасы Юстинианың салдырған шіркеуі болғаны, кейіннен 1554 жылы салынғаны, түріктердің Стамбулды алып, Ая-София шіркеуінен мешіт жасайды. «Юстиниан патша мұны соқтырып жатқанда әр облыстың бастықтарына мәрмәр тас, сом тас, һәм әртүрлі Стамбулға тас келтір деп бұйрық қылған. Әртүрлі жасыл, ақшыл, қызыл, көгілдір мәрмәр тастар, жақсы тастар, фарфорлар мұның соғуына ұсталды. Жамша тастардан, мәрмәр тастардан, фарфорлардан қылынған әрі дінсіз жұрттардың шіркеулерінен жиып алынған жүз жеті діңгек күмбезін тіреп тұрады» [5, 186-б]», – дей келе, патшаның өзі жұмыс киімін киіп, жұмыскерлерге өзі ақша беріп, бәріне өзі жұмылдыра жұмыс істеткені туралы қызықты баяндалған. «Бұрынғысынан бар қалғаны мешітті күн батыс пен күн шығысқа екі бөліп тұратын 12 күміс діңгек, бұрынғыдан қалған 500 жылдан бері бір белгіні, қадірін білмегендіктен, түріктер бұзып жатыр» [5, 187-б]», – деген өкінішін білдіреді.

Газеттің 1897 жылғы 50 санында басылған жарнамалық мақала «Басылып шыққан кітап туралы» деп аталады. 1897 жылы жарық көрген «Киргизско-русский» сөздігін жарнамалаған. Соңына В. Ладыгин қол қойған.

Сол кездегі қазақ ауылдарында орысша гимназия, мектептер ашылып жатқаны сөздіктің шығуына түрткі болған. Қазақ халқы орыспен араласа бастағандықтан орыс тілін білу өзекті болғандықтан осы сөздік жасалғаны сөз болады. «Көлемі үлкен емес, қалтаға салып жүруге ыңғайлы. Өзі 268 бет екен. Бұған қарағанда бағасы да (1 теңге) қымбат емес. Жалғыз-ақ сынауға тұратыны мынау: өзі орыс әрпімен жазылған, араб әрпімен переуат қылып, басына жазбаған екен» [5, 516-б]», – дей келе, орысша оқимын деген қазақтарға қажет, өте пайдалы кітапшы екенін сендіре баяндаған.

XIX-XX ғасыр басында көрші Ресей елінде іскерлік баспасөз ілгерілеп, сол кездің өзінде «Финансовый обзор», «Жизнь и экономика», «Экономический журнал», «Биржевая газета», «Российский экономический обзор» басылымдары үзбей шығып тұрған. Ал қазақ жерінде мұндай салалық басылымдар болған жоқ, дегенмен сол кезде шыққан газет-журналдарда экономика, қаржылық, іскерлік, сауда-саттық тақырыптарына арналған материалдар көптеп жарияланып отырғанын көреміз.

Негізі 1905 жылы патша сөз бен сөз бостандығы туралы манифест жариялады және сол кезде қазақ жерінде өз басылымдарын шығаруға мүмкіндік туған еді. Санкт-Петербуркте 1907 жылы «Серке» газеті татарлардың «Уль-фат» басылымының қосымшасы болып шығып, әртүрлі саяси өзгерістер салдарынан басылым жабылып қалды.

«Қазақ» қоғамдық-саяси басылымы 1913 жылдан шыға бастады. А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ә. Бөкейхан осы басылым төңірегіне Алаш зиялыларын топтастыра білді. Сол кездің өзінде басылым таралымы үш мың данаға жетсе, кейде одан көп таралыммен шығып отырған екен. Газет тек қазақтың саяси-қоғамдық өмірін ғана емес, экономика, саясат, өндіріс жағдайы, сауда мен саттық, ақша айналымы туралы көптеген ақпараттарды таратып, сол кездегі қазақ қоғамына пайдалы қызмет еткен. Тек қазақ болмысы, әдебиет пен мәдениет қана емес, қаржылық сауаттылық, нарықтағы ақша айналымы, кәсіпкерлік саладағы өзгерістер туралы құнды мәліметтерді қарапайым халық өкілдеріне таратып қана қоймай, жалпы ұлттық бірігуіне қуатты серпін берді.

«Қазақ» газетінің 1913 жылғы №1 санында «Алым тарату жолы» атты мақала жарық көрген. Авторы Ахмет Байтұрсынұлы (Қырбаласы деп бүркеншік атымен берген). Бұл мақалада Омбы болысының алым-шығын ақшасын волостной сиезде старшынға лайық қылып бөлу, заңға, әділдікке, халық пайдасына шешілетіні айтылған. Мұнда алымды әр старшын байға, жарлыға үй басына тарату ережелерін қалыптасыру мәселесі көтерілген. Омбы, Қостанай өңірлеріндегі егін мен малға салынатын алымның есептері жасалып, нақты деректерді сөйлеткен автор: «Қостанай уезіне Кеңарал болысында 1909 жылы жазған есепте 1 мың 532 үй, бұлардың салған егіні 12 мың 633 десятина, малы 50 мың 664 ірі қара. Мысалы, есеп қылсақ, осы Кеңарал болысында қазақ үй басында 6 сом алым-шығын таратылады. Бұл болыстың бар алым-шығыны 9 мың 192 сом. Он екі мың 633 десятина егінге, 45 тиыннан десятина басына санасақ, егін алым-шығыны бір болыстың 5 мың 624 сом 85 тиын болады. Мұны 9 мың 192 сомнан алып тастасақ, бір болыстың қалған алым-шығыны 3 мың 567 сом 15 тиын болады» [6, 35-б]. Бұл мақалада көптеген деректерді автор негізінен өзі есептеп шығарып қана қоймай, халыққа түсіндіргенде алым-шығын дауы орыстың төбесі көрінгенде құритыны туралы айтады.

Осы басылымдағы 1914 жылы жарық көрген «Ішкі хабарлар» айдарымен берілген «Салық ақша көбеюі» атты мақалада өзекті тақырып қозғалған. Соғыс кезіндегі патшалық қазынаның теңіз сияқты екені, су құйылатын талай салалар барлығы, салық төлейтін адамдар, кәсіптер, үйлер, сансыз бұлақтар сияқты дей келе автор жұрттың алыну жолына қарай екі түрге бөлінетіні туралы мәлімет келтіреді: «1) Көзге көрсетіп тура алынатын салықтар; 2) Көзге көрінбейтін, байқалмайтын бітеу салықтар. Ашық салықтар мысалы, қазақтардың үй басына төлейтін түндік ақшалары (алымдары). Қажылардың билетке төлейтін ақшалары. Бітеу салықтар: киіп отырған киімдерінде, төсеніп отырған көрпелерің де, ішіп отырған шайың да, қантың да, жағып отырған шамың да, атып отырған насыбайың, жазып отырған қағазың да, салған хатың да, соққан телеграмың да, берген арызың да – қысқасы тұтынатын нәрсенің көбінде бітеу салық бар» [6, 111-б]. Мақала авторы салық түрлерін өте түсінікті, қарапайым тілмен түсіндіріп, бітеу салыққа төленетін ақша ашық салыққа төлейтін қаржыдан әрденеше есе көп болатынын жан-жақты түсіндірген. Патшаның кірісі мен шығысы көбейсе салық өсетіні туралы кеңінен баяндалған бұл мақаланың сол кездегі салық саясатын түсінуге көп септігін тигізгені мазмұнынан көрініп тұр.

«Қазақтың» 1915 жылғы 101 санында «Игілікті іс» («Қазақ», 1915 жыл, №107, 25 8 февраль) деген мақалада «кооператив» сөзіне кеңінен түсініктеме беріліп, саяси экономика зерттеушілерінің негіздемелеріне сүйеніп, қазақтағы игілікті іс сөзіне балама болатынын, бұрыннан бізде бұны аңшы жабыла аң қаққандағы қызметі дөп келеді деп түсіндіреді. «Біздің қазақта бірігіп жүн сабап, киіз басқан, отау жапқан іс дәл Европа кооперативі. Қызметке қызмет күтіп, қатындар аянбай қылады. Суғарып егін салатын Жетісу, Семей облыстарында жиылып тоғам шығарып, суды, егін-жайды, күрекке бөлген дәл кооперативтің өзі болады. Ру болып, жақын ағайын болып, жігітке қалың мал беріп, өлгенге ас берген – Европа кооперативі болады» [6, 142-143-б]. Бірақ қазақ игілік ісі уақытша екені, Европалықтардыңкі көп уақытқа екенін автор жақсы түсіндірген. Бұл мақала авторы Қыр баласы кооператив ісінің қыр-сырымен кеңінен таныстырып қана

қоймай, оның пайдалы жақтары, шетелдердегі кооператив істеріне шолу жасауы жан-жақты экономикалық көзі ашық екенін көрсетеді. «Біздің Европадағы:

- 1) 50 губерния орыста 126 миллион адам.
- 2) 10 губерния полякта 13 миллион адам.
- 3) 12 губерния Кавказда 12 миллион 300 мың адам.
- 4) 12 губерния Кавказда 12 миллион 300 мың адам.

5) 9 облыс Орта Азияда 11 миллион адам. Мына Орта Азияда біздің қазақ бар. Орыс қол астындағы бар адам 172 миллион, мұнда Финляндияның 8 губерниясы 3 миллион халқы жоқ» [6, 143-б]. Кооператив ісін бастап жіберу үшін қазаққа таза мінез, білім, шаруа ісіне ұсталық шарт екенін автор баса айтады. Мақаланың соңында игілікті іске кіріскісі келетін әрбір қазақ орыс тілін білсе кооператив туралы курсқа баруына болатыны, курс ақысы 50-60 сом тұратыны, жол шығынын халық көтеретінін хабарлаған. Бұл көлемді мақала кооператив ісін жан-жақты түсіндіріп қана қоймай, сол кезде экономикадағы өзгерістер мен жаңалықтардан бұқараны хабардар ету мақсатында жазылған.

«Қымбат тай» атты мақалада сол кездегі мал базарының жағдайы, орыстардың жылқыларды сатқандағы Мақаш деген қазақтың Иваншыл болып кеткендігі туралы баяндайды. Мақаланың өн бойынан сол кездегі сауда-саттық жайы, жылқы базарындағы бағалардың мән-жайымен таныс боласың. «Бай алмасаң тайымды жамандама, жануарда осы күні сын бар ма, жаздыгүні көрсең бір жүз түгіл, екі жүз бере едің, онда мақпалдай қара еді, қазір жүні оңып, азып қабақан болып кетті» [6, 168-б], - дей келе, екеуара келісімге келіп, бір сағаттай саудаласып, 50 сомға қол қағысқаны баяндалған. Бұл мақаладан байқайтынымыз сол кездегі базар саудасының ерекшеліктері мен қоса қазақ пен орыс халқының қарым-қатынасының жағдайына қанық боламыз.

«Қазақ» газетінде жарияланған «Шәуешек жайынан» деген мақалада авторы «Көз көрген» Тарбағатай тауының етегіндегі Шәуешек қаласы туралы баяндалған. Онда тұратын халықтардың оның ішінде қытай, дүнген, ұйғыр, қазақ ұлттарының көпшілігі саудамен айналысатыны, соның ішінде қазақтың бірлі-жарымы болмаса қалғаны қара жұмыспен күн көретіні жазылған. Сол кездегі Шәуешек қаласының экономикалық жағдайы былай суреттелген: «Шәуешек қаласы өте көңілсіз. Шаһарға жақынырақ таянғанда салынған үйлері біздің қазақ қыстауынан айырмасы кем, бәрі балшық, төбесі салам я қамыспен жабылып, үстіне езіп топырақ құйылған. Көшелері тар, қайсыбір көшелерінің арасы екі қадамнан артпаса керек. Көшелері лас, егер өрт шықса, Шәуешекте бір үй қалмай жанса керек» [6, 179-б], дей келе, егер ауру келсе қала қырылатыны, өте тығыз орналасқан қалалықтарға қауіпті жағдай туып тұрғаны, бұл кемшіліктер түзелмесе магазиндері, базарлары мен мал соятын орындардағы тазалық сақталмағаны, үлкен қауіп бер екені мақалада ашық жазылған. Бұл мақаланы оқып отырып сол кездегі Қытайдың үлкен қаласындағы экономикалық жағдайды көз алдымызға елестетеді.

Жалпы «Қазақ» газетінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы 123 мақала шыққан, соның ішінде экономика, қаржы, сауда-саттық туралы 40-тан астам материал кездестірдік. Атап өтетін болсақ, «Астық нарқы» («Қазақ», 1913 жыл, №24, 31 июль, №25 8 август), «Астыққа қойылған нық бағалар» («Қазақ», 1916 жыл, №194, 25 август), «Базар нарқы» («Қазақ», 1913 жыл, №31, 21 сентябрь), «Тері, серсек, астық

бағасы хабарланған». Авторы Басығарин Юсіпбек. («Қазақ», 1915 жыл, №146, 22 август), «Қостанай уезінен», мақала авторы Міржақып Дулатовтың Қостанайдағы «Боқырау» жәрмеңкесі туралы жазған мақаласы («Қазақ», 1915 жыл, №154, 22 октябрь), М.Дулатов «Кооперация яғни бірігіп іс жүргізу» («Қазақ», 1914 жыл, №64, 31 май), Күсенғалиев Дулатша және Тоқберлинов Хасенғали. Қазақ халқына («Қазақ», 1916 жыл, №210, 23 декабрь) Бұл мақалада Орал облысындағы «Уақ қарыз» ұйымдарының жұмыстары туралы, қазақ арасындағы 5 пайыздық облигация жайында мәлімет берілген. «Қоянды жәрмеңкесі» туралы хабарлар. Қой айдауский, уақ қарыз серіктестігі. Тілші. («Қазақ», 1915 жыл, №131, 31 май), «Сұңқар» Қарқаралы уезінен. («Қазақ», 1916 жыл, №176, 8 апрель) Қарақаралыдағы салық жинау ісі туралы және бұл мақалада Нарманбет өлеңдерінен үзінді берілген. Ташбайұлы Асылбек. Тілшілерден айдарымен берілген. Шаруашылық, сауда хабарлары берілген («Қазақ», 1917 жыл, №254, 6 декабрь), «Тілшілер сөзі». («Қазақ», 1913 жыл, №20, 23 июль, №24, 31 июль) Павлодар облысындағы егін шаруашылығының күйзеліске ұшырауы туралы деректер, Қарқаралыдағы Қоянды жәрмеңкесінің, Қостанайдағы «Түйе мойнақ», «Ойыл» жәрмеңкесі туралы көптеген мәліметтер берілген мақалалар бар. «Уақ қарыз». («Қазақ», 1913 жыл, №32, 28 октябрь) бұл мақалада халыққа қарыз беретін ұйым ашу керектігі, оны ұйымдастыру жолдары көрсетілген. «Шаруашылық өзгерісі» («Қазақ», 1915 жыл, №145, №146, №147, №148, №158, №161, №163) мұнда халық шаруашылығының өзгеруіне экономикалық заңдар әсер еткендігіне көптеген мысалдар келтірілген. «Ішкі хабарлар» («Қазақ», 1914 жыл, №55, 23 март) «Ұсақ қарыз серіктестігінің» жұмысы туралы кеңінен мәлімет берілген.

Біз жоғарыда талдаған мақалалардан байқайтынымыз «Қазақ» газеті тек халықтың рухани, мәдени, тұрмыс жағдайын ғана жазып қоймай, бұқараның қаржылық сауатын ашуға, елде болып жатқан барлық экономика, сауда мен саттық, қаржылық өзгерістері туралы ақпаратты кеңінен таратып, елдің қаржылық сауаттылығын арттыруға өз үлесін қосқанын көруге болады.

XX ғасыр басындағы өнеркәсіп енді дамып келе жатқан кезеңде қазақ жерінде шыққан басылымдар өз беттерінде арнайы, анықтамалық, салалық мәселелерді жиі көтергені байқалады. Сол кездегі басылым беттерін шолып отырсақ, бизнес, кәсіпкерлік, сауда, қаржы, ақша айналымы саласы, қаржылық қауымдастықтардың мүддесіне қызмет еткен материалдар баршылық. Мақалалар тақырыбы мен мазмұны алуан түрлі пішінде ұсынылғанын көреміз.

XX ғасыр басында жарнамалар бұқаралық ақпарат құралдары ішінде тек баспасөзде жарияланып отырған. Кейбір басылымдарды шолып отырсақ газет санының көп бөлігін жарнамаға арнағандары бар. Мысалы «Қазақ» газетінде жарнаманың тек мәтіндік түрі ғана берілген. Кейбір жарнама мәтіндері ұзақ-сонар, кейбіреулері қысқа-нұсқа болып келеді. Соның ішінде кейбіреулеріне тоқталар болсақ, «Ашық хат азаматтарға» («Қазақ», 1914 жыл, №55, 23 март) бұл жарнамада роман бәйгесі жарияланғанын, жазуға икемі бар азаматтар бұл конкурсқа қатыса алатыны қысқаша баяндалған. «Былтырғы роман жарысының мезгілі жақындады. Бәйгеге қосыламыз деген талапкерлер «Қазақ» басқармасына білдіріп тұрса керек. Енді солардың жазғандарын қарау жұмысы сыншы

азаматтардың мойнында. Сыншылар бір жерге жиылып, кеңеспей болмас. Жиылуға Семей шаһарын ыңғайлы көрдім» [3, 167-б]. Осылай басталған жарнама мәтіні сыншылыққа лайық адамдардың да аты-жөнін тізіп, ашық жариялаған.

«Жаңа кітаптар» жарнамалық мақала авторы «Қыр баласы». Мұнда басы «Записки Семипалатинского подотдела Заподно-Сибирского Отдела Императорского Русского Географического Общества. Выпуск VIII. 1914 г. Цена 1 руб». Осы жарнаманы автор тарқатып, ол кітапта не қамтылғаны, қандай пайдасы бар екенін сипаттаған. Жарты беттік жарнамада Абай мен Михайлистің пайдалы байланысы, оның хаттары мен жазған мақалаларының маңыздылығына біршама тоқталған. Жарнама көлемді болу себебі қазаққа ғылым жолындағы Михайлис шығармашылығын толық баяндаған.

«Қазақ басқармасында сатылатын кітаптар» атты жарнамада алғашқы «Әліппедан» бастап, Ахмет Байтұсынұлының «Әліппе», «Маса», «Тіл құралы», Міржақып Дулатұлының «Есеп құралы», «Бақытсыз Жамал» Ғұмар Қараш «Аға тұлпар», Бекет Өтетілеуов «Жиған-терген» т.б. құнды кітаптарын жарнамалаған. Сонымен қатар, бұл кітаптар тегін берілмейтіні, әрқайсысының өз құны бар екені де хабарланған. 10 кітаптан артық алғандарға жеңілдік жасалатыны, кітап сатылатын мекен-жай толық көрсетілген толыққанды жарнама.

«Қазақ» газетінде «Жаңа кітап» деген жарнама айдары болған. Бұл айдармен берілетін материалдар мазмұны жарнамалық, жаңадан шыққан кітаптарды бұқараға таныстырып, олардың осы кітаптарды қайдан сатып алуға болатыны туралы жол сілтенеді. «Пайғамбар заманы» [6, 267-] атты жарнамалық материалда жазушы Мәннан Тұрғанбайұлының «Пайғамбар заманы» атты кітабы туралы мағлұматтар берілген. Бұл кітапта пайғамбарымыздың шежіресі сөйлейтіні, араб халқының исламнан бұрынғы әдеті мен салты, халықтың пайғамбарға мұқтаж болған кезеңдері, оның дүниеге келу мен тәрбиесі өмірі, мінезі туралы кітапта көп мағлұмат бар екені жазылған. Кітап саудасының қазақ жерінде артта қалып отырғаны, оны жүзеге асыру үшін көп қаражат қажет еместігі жазылған. Кітаптың тілі түсінікті, айқын қазақша жазылғандығы, әр қазаққа түсінікті болатыны айтылады.

«Қазақ» газетінің арнайы «Жарнама» деген айдары болған. Онда көбіне елдің ішінде болатын әртүрлі жәрмеңкелер, сауда-саттық шаралары, жаңадан шыққан кітаптар мен жалпы бұқараға арналған хабарландырулар беріліп отырған.

Нәтиже

XX ғасыр басындағы баспасөздегі іскерлік материалдар көбіне жарнама пішінінде беріліп тұрған. Бұл басылымдарда жарнамалық ақпараттарды ұсынып қана қоймай, тақырыптық беттер арнап, айдарлап, «Жарнама», «Алаш азаматына» т.б. жарнамалық мақалалар, қысқа мәтіндер беріп отырған. Соның ішінде ең көп жарнамалық мақалаларын жариялаған «Қазақ» газетінің жарнамалық беттері бұқараның саяси, экономикалық, әлеуметтік тұрақтылыққа жеткізуге ұмтылыс жасады. Сол кезде осы газетті тұтынушылар үшін жарнама жаңа, қарқынды дамып келе жатқан трендке

айналған сияқты.

Газеттегі жарнама беттерінің БАҚ дамуында жинақталған тәжірибе мен бүгінгі жарнама үрдісінің үндестігі, баспасөз жарнамасының сонау ХХ ғасыр басында-ақ өзіндік орны болғанын дәлелдейді. Ол кездегі жарнамадағы кемшіліктер мен артықшылықтар туралы көп зерттеу жүргізуге болады. Себебі, сол кездегі жарнама мәтіндері өте көлемді, тауар, заттардың сипаттамаларын барынша мол беруге тырысу жағы басым.

«Жарнама» айдарымен берілген «Босқын қырғыздарға 200 мың», «Торғай облысының халқына» «Алаш азаматына», т.б. сияқты мазмұндағы жарнамалар сол кездегі орын алатын оқиғалар, іс-шаралар туралы өз оқырманын хабардар етіп қоймай, сол шараларға белсенді араласуға бұқараны шақырған мазмұнда болып келеді. Біз «Қазақ» газетіндегі жарнамаларды талдау арқылы сол кездегі баспасөз бен жарнама саласының әрекеттесу динамикасын көрсету мақсатында талдадық. Басылымдар сол кездің өзінде салалық мәселелерге көп көңіл бөлгендігін, оның ішінде іскерлік тақырыпта мақалаларды мол жариялағанын, саяси, экономикалық, әлеуметтік жағдайдың өркендеуі осы баспасөз саласының материалдарының әралуандығы арқасында жүзеге асқаны байқалады.

«Ақжол» газеті қазақ халқының тарихында өзіндік орны бар басылым. «Ақжол» беттерін ақтарғанда әртүрлі бағыттағы соның ішінде іскерлік сала туралы материалдар ағыны мол болғанына көз жеткіздік. Бұл туралы «Ақжол» көп томдығына алғы сөз жазған ғалым Д.Қамзабекұлы: «Ірі қоғамдық-саяси, ғылыми ағартушылық мәселелерден бастап қарапайым тұрмыстық-танымдық мәселелерге дейін халықтың сұранымы мен өресіне орай қорытып, сараптап отырған «Ақжолдың» тарихи орны әрқашан айқындала көрінеді. Өйткені оның басында тұрған қаламгерлердің қабілетті, ұстанымы елдік парасатпен біте қайнасқан еді» [7, 20-б].

«Елден» деген айдармен берілген «Астық салығы» атты мақала авторы Қ. Күлетов. Бұл мақалада Қазалы уезіндегі астық салығының тоқтаусыз жиналып жатқандығын, бұйрық, жарлықтарды қарапайым халыққа түсіндірместен үй басына салық салып жатқаны туралы айтады. Расында да салық астығы жоқтарға салынып жатқан оқиғалардың орын алу себептерін ашу қажеттігі туындағанын публицист сынайды. «Айрықша комиссия елге барып бейшаралармен сөйлесіп қарағанда, жоғарыда айтылған зұлымдықтардың болғаны рас болып шыққан. Айырықша комиссия отрядтағы бірлі-жарнымды қой терісін жамылып жүрген залымдарды сотқа беріп һәм биылғыдай жылда Қазалыда астық салығын өткізу мүмкін емес деп тапты» [6, 62-б]. Үкімет қазақты астық салығынан құтқармаса, продсалық отрядтарына жем болатынын баса айтады. Автор өз кезегінде сол кездің өзекті мәселесі салық салу жолдарын қарапайым халыққа түсінікті жеткізген.

«Низам» [7, 187-б] атты мақалада Түркістан Республикасында қағаз ақша жүруін реттеу туралы халық комиссарларының кеңесінің қаулысы түсіндірілген. Ақша айналымына жаңа ақша шыққаны 1 мартқа дейін ескі ақшаларды ауыстырып үлгеру қажеттігі, күннен күнге тауар бағасының өсіп бара жатқаны, 1913 жылғымен салыстырғанда шығынның 4000 есеге артқаны, 1000 сом шығын қылғанда келетін өнім сол кезде 1000 сом болып қалғаны өкінішпен жазылған. «Бір уақыттың ішінде, Түркістанның шығыны 4,00 есе артты. Россия құрама мемлекетінің шығыны 258 есе артты. Түркістан

шығымының өсімі Россия құрама мемлекетінің шығының өсіміне қарағанда 14 есе жылдамырақ болды. Қағаз ақша бастыру жұмысы да Россия құрама мемлекетінің алдына түсіп кетті. Бір уақыттың ішінде Түркістанда қағаз ақшаның саны 190 рет артқанда Россия құрама мемлекетінде 24 рет артқан» [7, 192-б]. Тауардың арзандайтын себебі, базардағы ақшаның саны, бағасы он есе кемігені, Түркістан Республикасының шығыны, жұмыскерлер мен қызметшілердің еңбекақысы өсе берсе еш мақсатқа жете алмайтынын түсіндірген автор бұрынғы 100 мың қазіргі 10 мың болып отырғанын жан-жақты түсіндіреді. «Жаңа ақшаға тауардың арзандағаны еңбекшілердің ұтқаны болады. Олардың еңбекақысы кемімейді, өнімі, сенімі бар. Жаңа ақшадан алып тұрады» [7, 194-б]. Осы кезеңдегі ақша өзгеруінен байланысты «Ақжолда» көптеген түсіндіру мақалалары жарияланған. Олардың қатарында «Түркістан һәм Бұқара», «Жаңалықтың мақсаты», «Сомына сом неге берілмейді?», «10 сомға 1 сом беріледі», «Түркістанда ақша өзгерту заңы» [7, 195-196-197-б] т.б. бар.

«Ақжолдың» бетінде «Ташкент базары» атты мақалада базардағы тауарлар бағасына шолу жасалып, жан-жақты сараптама мақала жазған тілші жарты айдан кейін жүрмейтін ақшаның көптігіне қызықпай аз болса да сатқан малының, астық бұйымдарының ақшасын жаңа ақшамен алуға кеңес береді. «Түркістан ақшасы қалатын болып, «Центр» ақшасы жүретін болғаннан кейін, Ташкенттегі пайдакүнемдер қаптап кетті. Базарда киіз 6000 шыт, Түркістан ақшасымен 24,300 мыңға шықты. Өткен базарларда қойдың жақсысын Түркістан ақшасымен 500-900 мыңға шейін жүріп алысты. Мұнан кімге пайда, кімге зиян екендігі белгілі. Сонау қырдан келіп базарға мал ұстаған қазақ, Түркістан ақшасымен қалтасын толтырып қайтады. Керекті бұйымын алайын десе, бұрыннан 4-5 есе артық төлейді» [7, 265-б]. Автор пайдакүнемдердің бұл істеріне үкімет араласпаса шешілмейтіні баса айтады.

Басылымның «Елден» деген айдарымен «Шошқа салығы» деген көлемді мақала жарияланған. Мақалада Шымкент уезіндегі азық-түлік комитетінің бастығы Кривошапов ет салығын бөлгенде қазақ болыстарына 300 пұттан артық шошқа еті салығын салып отырғаны туралы айтылады. Шошқа өсірмейтін мұсылман жұртына оның орнына қой етін өткізіндер деген бұйрық береді. Осы мәселелерге наразылық білдірген автор: «Азық-түлік комитеті қазақтан шошқа жинасын, кедейдің жалғыз қойын алсын деген жарлықты, Кеңес үкіметінің қызметінде жүріп бұл күнге шейін естігенім жоқ, не деген масқаралық, не деген әділетсіздік!» [7, 139-б]. Осы мәселені тиісті мекемелер, комиссарлар тексеріп, елді құтқармаса, өзі надан қазақ-қырғыз еңбекшілері үкімет жолын түсінбетінін өкіне айтқан.

«Қайтбас» бүркеншек атымен «Ақша үшін төбелес» [7, 310-311-б] атты проблемалық мақала жарияланған. Онда Ақмешітте Түркістан ақшасы қалады деген әңгімеден кейін болған оқиғалар баяндалып, елде болып жатқан әртүрлі қайшылықты оқиғалар туралы баяндалған бұл мақала осы мәселеге үкімет мән беріп қарапайым бұқараға жете таныстыру қажеттігі туралы айтады.

«Ақжол» газетіндегі «Ақмешіттегі базар нарқы» атты проблемалық мақалада (авторы «Қара бала») ақша айналымы туралы айта келіп, жаңа ақша шыққалы көп шешілмеген

мәселелер орын алып жатқанын өкінішпен жазған автор былай дейді: «Мәселен, декабрь ақыры мен январь басында қара шайдың қадағы 40-50 мың сом еді, қазір базарда Түркістан ақшасына 4-5 жүз мың сомға шықты. Бұл уақыттағы 800 сомнан сатып жатқан жер майы (керосин) қазір 120 мың сом– кіндік ақшасына жұмыртқаның біреуі 150 сом еді, қазір 3 мың сом болды» [8, 39-б]. Автор басқа нәрселер де күн санап қымбаттап бара жатқанын, пайдакүнем, залым саудагерлердің жөнделуіне бір шара үкімет тарапынан керек екенін жазады.

«Сыртқы хабарлар» айдарымен беріліп отырған басылымдағы іскерлік тақырыбындағы мақалалар баршылық. Онда көбінде шетелдегі ақша айналымы, сауда мәселесі, банктердегі өзгерістер мен әртүрлі іскерлік шарттар туралы қысқаша хабар-ошарлар беріліп отырған. Соның бірі «Америкамен сауда» деп аталды. «Рига 24», «Дейли Ньюс» деген ағылшындар газеті «Россия мен Америка жақын арада бір мәмілеге келіп, араларында сауда жүргізсе керек» [8, 71-б], – дей келе, Франциядан бұрын сауда шарттарын жеңілдететін, қолындағы даяр заңдарын Россияға жеткізетіні туралы ақпарат береді. Американың тоқыма, кездеме өнеркәсібінің өнімдері Россия нарығына келетінін, Одесса шығанағы арқылы сауда-саттық жүргізілетіні туралы хабарланған. Басылымның «Ішкі хабарлар» айдарымен іскерлік салаға байланысты қысқа-қысқа ақпараттық мақалалар көптеп жарияланып отырған. Мысалы «Совнархозда», «Базарда», «Ақша айырбасы көңілді», «Түркістан үшін ақша», «Бақыр айлығы» т.б. толып жатқан әртүрлі іскерлік сала жаңалықтарынан хабар беретін ақпараттар жиі жарияланып тұрған.

«Ақжол» басылымы өз беттерінде жарнама беру үрдісін өзінің алдындағы басқа баслымдар сияқты жалғастырған. Баспасөздегі жарнама кеңінен таралған кезде шыққан «Ақжол» газетіндегі сапалық деңгейі жоғары, пішіні мен мазмұны жағынан алдыңғы біз талдаған басылымдарға қарағанда жоғары болғанын көреміз. Газеттің барлық дерлік санында әлеуметтік жарнамадан бастап, ақылы жарнамалар басылған. Оның ішінде әртүрлі тақырыптағы сауда, қызмет, тауар түрлеріне жарнамалар қамтылған. Мысалы, «Қазанда басылып жатқан қазақша оқу кітаптары» [7, 132-б], «Әдебиет кештері» [7, 141-б], «Қазақша сауық кеші» [7, 240-б], «Күншығыстағы үгіттеуші кеңес сиезі» [8, 273-б], «Қазақша сауық кеші» [8, 273-б], «Тұқымы асыл аты барларға» [8, 43-б], «Қазалыда мұғалімдер курсы» [8, 278-б] т.б.

Сол кездегі жарияланған жарнамалардың тиімділігін саудагерлер мен өнеркісіп иелері жақсы түсінген және оның тиімділігін жоғары бағалағанын басылым беттерін шолу жасағанда байқаймыз. Саудагерлердің баюына да осы жарнама әсер еткені, сондықтан да олар газет беттеріне өздері сататын өнімдер мен тауарларды жарнамалауды жөн көргені анықталды.

XX ғасыр басында шыққан басылымдар ішінде «Шолпан» журналындағы іскерлік тақырыптағы мақалаларды зерделеп, бұл журнал шыққан күннен бастап осы салаға көп көңіл бөлгенін көрінеді. «Шолпанның» алғашқы санында «Түркістан салықтары» атты көлемді мақала жарияланған. Сараптамалық мақаланың авторы – К.Бөриев. Үкімет шығыны көбейген сайын бұқараға салынатын салық та артатын түсіндірген автор жасырын салық, ашық салық деген не деген сауалға жауап береді. Мақала өте қарапайым тілмен жазылған және бұқараның салық туралы сауатын ашу мақсатын

көздеген. Мақала соңында өзгеріс дәуірінде «Түркістанның келтірген пайдаларын еске алып, колония, жемтік болып, бұл күнде шаруасы күйзеліп отырған Түркістанға Россия жәрдем беруі керек деп аяқтайды» [9, 31-36-б].

«Түркістанда әлеумет төңкерісінің негіздері қалай жүзеге шықты. Һәм, жаңа шаруашылық саясаты қалай жүргізілуі тиіс» проблемалық мақала. Авторы С. Асфендияров. Сол кездегі сауда қатынастарының гүлденуі, жергілікті саудагер байлар мен үкімет ауыз жаласып кеткені сыналады. «Тауарларын ауылда, қышлақта пайдалы қылып сатып, Һәм Түркістан тауарын Ресейде жақсы жаққа өткізіп жүрген, жергілікті саудагерлер, хандардың Һәм бектердің соғысынан, бүліншілігінен, құрғап тұрған жаңа үкіметке бастарын иеді де отырады.

Екінші жағынан, бұрынғы қоржандап, күштірек болып жүргендер, жаңа үкімет тұсында да болыс, би Һәм ауылнай болып, шапан, медаль алып «ақ патшаның» оң көзі болып та кетті» [9, 285-б]. Бұл тұстан автордың Түркістанның халқы Ресей патшасы капиталын көбейтіп отырғаны туралы пікірлері орынды. Байлар мен жергілікті капиталды үкімет өзіне бағындырып ұстау саясатының кемшіліктері бар екенін жасырмаған автор салықты әлсіз кедей көпшілікке салып отыру дұрыс саясат еместігін баса айтады. Сауда капиталының тез өсуі мен келімсектердің шаруашылығының тез орнығып күшейіп кетуі бұқараға зиян екенін түсінген публицист нақты деректер келтіре отырып, өз ойының шынайылығын нақты деректер мен дәйектерге сүйеніп жазады.

Жаңа экономикалық қатынастар орын алып жатқан кезеңде халықтың жаңа қажеттіліктерін орындау мақсатында қазақ журналдары, соның ішінде «Шолпан» да іскерлік тақырыптағы мақалаларды барынша мол жариялауға күш салғанын байқауға болады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, қазақ жерінде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өз заманының жаңалықтары мен ақпараттарын молынан жариялап, бұқараның сұранысын орындау мақсатында іскерлік тақырыптарды барынша жан-жақты жазу үрдісі орын алды. Дәл осы кезден бастап Қазақстанда әлеуметтік топтарға, кәсіби бағыттағы мерзімді басылымдардың кең жүйесі пайда болды. Қазақстанның экономикасының бірде өсіп, бірде құлдырауы басылым беттерінде іскерлік тақырыптағы материалдардың көптеп шығуына түрткі болды. Сондықтан да біз іскерлік журналистиканың қалыптасып, дамуының айтарлықтай бөлігін осы кезеңдегі басылымдар құрады деп айтуымызға толық негіз бар. Бұл кезеңдегі баспасөз дамуы ел дамуының қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық, мәдени формациясы салдарынан белгілі бір қоғамдағы жеке салалар туралы материалдарды жазу, сол саланың өзекті мәселелерін көтеріп, бұқараға сол өзекті тақырыптарды жан-жақты түсіндіріп, сауаттылығын арттыруға себепші болды.

XX ғасыр басындағы журналистикада өзіндік орны бар «Қазақ», «Ақжол» басылымдарымен қоса «Шолпан» журналы сол кездегі қарапайым бұқара мен үкімет арасындағы көпір болды. Осы басылымдарда материалдар жазған публицистер қаржы, сауда-саттық, ақша айналымы, салық мәселелеріне қатысты ақпараттық материалдар жазып қана қоймай, талдамалы кәсіби іскерлік салаға қатысты проблемалық мақалаларды

көп жазғанын жоғарыда айттық. Осы кезеңде баспасөз беттерінде жарияланған іскерлік тақырыбындағы мақалалар тақырыптық, мазмұндық, жанрлық жағынан жан-жақты болды. Іскерлікті дамытуда сол кезеңнің публицистері осы саладағы өрісті кеңейту мақсатында барынша мол ақпараттар мен деректерді өз публицистік шығармаларында қамтуға, оқырман мен іскерлік сала байланысын айтарлықтай жақындатуға, барынша халықтың қаржылық сауатын ашуға үлкен үлес қосты деуге толық негіз бар.

Авторлардың қосқан үлесі.

К. Рахмет – тақырыпқа сай әдебиеттерді талдау, ғылыми мәліметтерді сұрыптау, негізгі бөлімін жазу

Қ. Сақ – бақылау және редакциялау, ұсыныстар беру және мақаланың академиялық сапасын қамтамасыз ету.

Р. Шакуова – мақаланы техникалық талапқа сай рәсімдеу

Әдебиеттер тізімі

1. Forsyth D. The business press in America. Philadelphia, 1964, P. 1.
2. Мельник Г.С., Виноградова С.М. Деловая журналистика. Учебное пособие. – СПб: Питер, 2010.
3. Тищенко В. Н. История становления деловой прессы Великобритании и США. // Вестник РГГУ. Серия «Литературоведение. Языкознание. Культурология». – 2016. – №(4). – С. 77-85.
4. Нургожина Ш.И. Деловая журналистика Казахстана. Учебное пособие для студентов. – Алматы: Қазақ университеті, 2006.
5. Дала уалаятының газеті. Әдеби нұсқалар. Құрастырушы Ү. Сұбханбердина. – Алматы, Ғылым, 1990.
6. «Қазақ» газеті. Құрастырғандар: Ү. Сұбханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сақов. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының бас редакциясы, 1998.
7. Ақжол. Көп томдық. 1-том. Алматы. Оңтүстік Қазақстан облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандары мұражайы, 2011.
8. Ақжол. Көп томдық. 2-том. Алматы. Оңтүстік Қазақстан облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандары мұражайы, 2011.
9. Шолпан. Оңтүстік Қазақстан облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандары мұражайы. – Алматы: Ан Арыс, 2010.

К. Рахмет, К.О. Сақ, Р.А. Шакуова

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

История становления деловой журналистики в Казахстане

Аннотация. В статье рассматривается история становления деловой журналистики в Казахстане, начало публикации материалов на деловые темы в первых казахских

изданиях, а также проводится всесторонний анализ материалов, написанных в контексте торговли, промышленности и сельского хозяйства той эпохи. Изучены статьи, опубликованные в газетах «Дала уалаятының газеті», «Қазақ», «Ақжол» и журнале «Шолпан». В конце XIX - начале XX века в соседней России деловая пресса развивалась, и в тот период постоянно выходили издания «Финансовый обзор», «Жизнь и экономика», «Экономический журнал», «Биржевые ведомости», «Российский экономический обзор». В Казахстане подобных специализированных изданий не существовало. Однако, как отмечается в научной статье, в тот период в казахских газетах и журналах регулярно публиковались материалы на экономические, финансовые, деловые и торговые темы. В процессе исследования на конкретных примерах доказывается, что до появления специализированных экономических и деловых изданий в газетах и журналах публиковались различные материалы о социальных, политических и экономических событиях. В XIX веке Российская империя принесла в казахские земли новые политические, экономические и культурные тенденции, что, в свою очередь, оказало влияние на развитие журналистики. Газеты и журналы не только освещали экономические и политические события в Казахстане, вопросы развития промышленности и торговли, но и способствовали повышению финансовой грамотности населения. Развитие деловой журналистики в Казахстане началось в конце XIX – начале XX века.

Ключевые слова: деловой, биржа, экономика, предпринимательство, промышленность, журналистика, газеты и журналы, электронные медиа.

K. Rakhmet, K.O. Sak, R.A. Shakuova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The history of the formation of business journalism in Kazakhstan

Abstract. This article examines the history of the formation of business journalism in Kazakhstan, focusing on the initial publication of business-oriented articles in early Kazakh periodicals. It provides an in-depth analysis of materials related to the development of trade, industry, and agriculture published during that period. The study scrutinizes articles featured in Dala ualayaty's gazeti, Kazakh, newspapers, and Sholpan magazine. During the late 19th and early 20th centuries, neighboring Russia experienced significant advancement in business journalism, with periodicals such as Financial Review, Life and Economy, Economic Journal, Stock Exchange Newspaper, and Russian Economic Review regularly published. In contrast, Kazakhstan lacked specialized business press at that time. However, newspapers and magazines of the period frequently included articles on economics, finance, business, and trade, as documented extensively in this scientific article. The research demonstrates, with concrete examples, that before the emergence of dedicated economic and business publications, numerous newspapers and magazines published content reflecting economic, business, and socio-political conditions. The study highlights how, during the last century, the Russian Empire introduced new political,

economic, and cultural trends to Kazakh lands, which in turn influenced the development of journalism. The article substantiates, through textual analysis, that the development of business journalism in Kazakhstan began in the late 19th and early 20th centuries.

Keywords: business, stock exchange, economy, entrepreneurship, industry, journalism, newspapers and magazines, electronic media.

References

1. Forsyth D. The business press in America (Philadelphia, 1964, P. 1).
2. Melnik G.S., Vinogradova S.M. Delovaya zhurnalistika [Business journalism]. Textbook (Piter, 2010). [in Russian]
3. Tishchenko V.N. Istorija stanovlenija delovoj pressy Velikobritanii i SShA [History of the formation of the business press of Great Britain and the USA]. Vestnik RGGU. Serija «Literaturovedenie. Jazykoznanie. Kul'turologija» [Bulletin of the Russian State University of Economics. The series "Literary Criticism. Linguistics. Cultural studies"], 4, 77-85 (2016). [in Russian]
4. Nurgozhina Sh.I. Delovaja zhurnalistika Kazahstana [Business journalism of Kazakhstan]. Tutorial for students (Kazakh universiteti, Almaty, 2006). [in Kazakh]
5. Dala ualajatynyn gazeti. Adebı nuskalar [Newspaper of Dala province. Literary versions]. Compiled by U. Subhanberdina] (Gylım, Almaty, 1990). [in Kazakh]
6. «Kazak» gazety ["Kazakh" newspaper]. Compiled by: U. Subhanberdina, S. Dautov, K. Sakov]. (The main editorial office of the Kazakh Encyclopedia, Almaty, 1998). [in Kazakh]
7. Akzhol. Vol. 1 [Akzhol Regional Museum of Victims of Political Repression South Kazakhstan, Almaty, 2011). [in Kazakh]
8. Akzhol. Vol. 2 (South Kazakhstan Regional Museum of Victims of Political Repression, Almaty, 2011). [in Kazakh]
9. Sholpan. Ontustik Kazakstan oblystyık saıası kugyn-surgin kurbandary murazhajy. [Sholpan. South Kazakhstan Regional Museum of Victims of Political Repression]. (An Arys, Almaty, 2010). [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Рахмет К. – хат-хабар авторы, докторант, Журналистика және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Сақ Қ.Ө. – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, Журналистика және әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Шакуова Р.А. – аға оқытушы, Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасы, Журналистика және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Рахмет К. – автор для корреспонденции, докторант факультета журналистики и социальных наук Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Сак К.О. – кандидат филологических наук, декан факультета журналистики и социальных наук Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, профессор ЕНУ им Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Шакуова Р.А. – старший преподаватель кафедры телерадио и связь с общественностью, факультет журналистики и социальных наук, Евразийский национальный университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Rakhmet K. – Corresponding author, doctoral student of the Faculty of Journalism and social science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Sak K.O. – Candidate of philology, dean of the faculty of Journalism and social science, Professor of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Shakuova R.A. – Senior Lecturer, Department of TV-Radio and Public Relations, Faculty of Journalism and social science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).
